

Т.Ш. Бисембиев**ТЕРГЕУ ЭКСПЕРИМЕНТІНІҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ**

Қылмыстық істі тергеуде жұмыстың эксперименттік әдісін дәлелдеуімен, тергеуші әрекетінің негізгі мазмұны болып табылатын, тәжірибеден тұратын тергеу эксперименті, тергеу әрекетінде өз мазмұнын алып, маңызды рольді иеленді.

1959-1961 жылдары Қылмыстық іс жүргізу кодексін қабылдамастан бұрын заң әдебиеттерінде және тәжірибеде тергеу экспериментінің түсінігі мен мәніне екі көзқарас қалыптасты. Бірінші көзқарасты жақтаушылар тергеу экспериментін дербес тергеу әрекеті болып табылмайды, ол өзінде тергеулік қараудың бір түрі ретінде көрсетеді немесе қандай да бір тергеу экспериментін жүргізудегі дәлелдемелерді тексеруді тактикалық қабылдау деп есептейді. Бұл көзқарастың өкілдері: іс жүргізушілер – М.С. Строгович, М.А.Чельцов, Р.Д. Рахунов, ал криминалистер қатарынан – Н.И. Тарасов-Радионон (өзінің бірнеше еңбектерінде), Л.И. Винберг.

Тергеу экспериментін дәлелдемелерді тексеретін құрал ретінде анықтап, М.С.Строгович былай деп жазды: «Ол өзінің заңдық табиғатына басқа емес, қараудың ерекше бір түрі ретінде оның екінші бір бөлігі сияқты көрсетіледі» [1]. М.С. Строгович сонымен бірге тергеу экспериментінің жай қараудан айырмашылығын белгілеп, ешқандай ерекшелігіне қарамастан тергеу эксперименті әрқашан қарау болып табылады, жерді немесе затты қарайды деп тұжырымдады. М.С. Строгович соңғы көптеген еңбектерінде, яғни «тергеу эксперимент – тергеудің жеке қабылдауы, қараудың ерекше түрі деп атаған кезде бұл айқындаманы өзгерткен жоқ.

Кейіннен бұл сұраққа қатысты аздаған нақты ойды М.А. Чельцов айтты. Ол тергеу экспериментімен тергеудің ерекше тактикалық қабылдауы түсіндірілетінін, және қандай да бір істің мән-жайларын қайта жаңғыртуға бағытталғанын, Қылмыстық іс жүргізу кодексінде тергеу эксперименті туралы көрсетілмегенін айтып, ол бәрінен да дұрысы «тергеу эксперименті қараудың хаттамасымен толтырылады» деп айта алды [2]. Бұл ұсынымнан мынадай тұжырым шығаруға болады: автордың ойына сәйкес тергеулік қараумен біртектес. М.А. Чельцов тергеу экспериментінің түсінігіне қатысты ойынан айнып, көптеген жыл өткеннен кейін, ол енді тергеу экспериментін процесс әрекеті ретінде (басқа тергеу әрекетінің түрі емес) жазды, оның анықтамасын баяғыша анықтап, аталған деректің аталған шартта пайда болу мүмкіндігін тексеру мақсатында анықталған нақты мән-жайды қайта жаңғырту деп айтты.

Р.Д. Рахунов тергеу экспериментіне тек сарапшының қатысуы өзекті деп ойлап, мынадай шешімге келді: «тергеу экспериментін анықталған оқиғаның жағдайын қайта жаңғыртуда қорытындыланып, өз мінездемесімен қараудың бір түрін көрсетеді».

Тергеу экспериментін тергеулік қараудың бір түрі деп А.И. Винберг санады. П.И. Тарасов-Радионон бұл сұраққа қатысты өзінің алғаш еңбегінде тергеу эксперименті «қайта жаңғырту» немесе оны қылмыс немесе оқиға немесе оның жеке элементтері немесе оқиға орын алған орын мән-жайын қайта жаңғырту ретінде анықтап, тергеуде тактикалық қабылдау деп атады.

Тергеу экспериментінің мақсаты оның ойынша дыбысты тексеру және істің мән-жайын жақсылап анықтау. «Тергеушінің көз алдындағы кітабының» алғы сөзінде тергеу экспериментін таныстырғанда, П.И.Тарасов-Радионон тергеу эксперименті – бұл тергеулік қараудың бір түрі» деп тіке айтты. Алайда сонда ол шын мәнісінде эксперименттің түсінігі туралы айтылған ойды әшкерелеп, эксперимент пен қараудың пайда болуының арасындағы айырмашылықты белгіледі. Автордың сондай қарама-қайшы айқындамасы айқын ашылды және оның соңғы бір еңбегінде ол мойындауға мәжбүр болған сәтте, тергеу экспериментін егер оны тергеулік қараудың түрі ретінде қарағанның өзінде «өзінің жаңа сапасында тергеулік жұмыстың жаңа үлгісінің даму тарихы қызмет етеді» деген ойды соңғы негіздеме үшін шығарады. Оқымыстылардың пікірін түйіндеп, тергеу экспериментінің түсінігіне қатысты бірінші көзқарасты қолдаушылар келесілерді айтты:

А. Тергеу эксперименті дербес тергеу әрекеті болып табылмайды, оны не басқа тергеу әрекетін өндіру кезінде жүзеге асыратын тактикалық қабылдау ретінде қарауға болады, не қандай да бір тергеу әрекетінің түрі ретінде (мысалға қарау) қарауға болады.

Ә. Тергеу экспериментінің мақсаттары дәлелдемелерді тексергенде немесе істің мән-жайын анықтағанда қорытындыланады.

Б. Эксперимент пен басқа тергеу әрекеттерінің арасында оларды жүргізу мақсаты бойынша ерекшеленеді, мазмұны бойынша тергеу экспериментінің дербес мінездемесі болмайды.

Екінші көзқарасты қолдаушылар тергеу экспериментін басқа тергеу әрекеттерінен өзінің мазмұнымен, тапсырмасымен және жүргізу тәсілімен ерекшеленетін дербес тергеу әрекеті деп

санайды. Бұл пікірді жақтаушылар М.М. Гроздинский, А.А. Пионтковский, Н.В. Терзиев, В.П. Колмаков, Г.М. Миньковский, Л.Е. Ароцкер, Н.И. Гуковская, М.М. Выдря, Ф.К. Диденко, Р.С. Белкин және басқалары.

1959-1961 жылдары Қылмыстық іс жүргізу кодексі қабылданғаннан кейін, бірақ оқымыстылар, соның ішінде М.С. Строгович тергеу экспериментін қараудың бір түрі ретінде анықтады [1]. Бұл әрине біздің ойымыз, қолданыстағы іс жүргізушілік заңнама қолданғанға дейін, тергеу экспериментін өндіру регламенттелген жоқ деп түсіндіруге болады, содан соң жеткілікті таратылғаннан кейін, осы тергеу әрекетін жүргізу хаттамасымен толтырылды.

Қазіргі уақытта тергеу экспериментін басқа тергеу әрекеттерімен өзінің мазмұнымен, тапсырмасымен және жүргізу тәсілімен ерекшеленетін дербес, ерекше тергеу әрекеті, осы нақты дәлел екендігіне күдік тудырмайды. Егер процессуалдық және криминалистикалық әдебиетте кездесетін тергеу экспериментінің анықтамасын талдаса, олардың барлығы тергеу экспериментін бәрінен бұрын қайта жаңғырту ретінде, соның ішінде жағдайды, оқиғаның мән-жайын қайта жаңғырту, осы және басқа дәлелді, белгіні, құбылыстың зерттелген жағын қайта жаңғырту деген қорытындыға келуге болады. Бірақ тергеу экспериментінің анықтамасында Р.С. Белкиннің ойының барлығы дұрыс емес, бұл оймен келіспеуге болмайды. [3]

Жоғарыда көрсеткендей сот тергеуінің затын қайта жаңғырту мүмкін емес. Қылмыс оқиғасы орын алған жердегі қылмысты қайта іске асыруға болмайды, қылмыстың барлық әсерін, қылмыскердің жәбірленушіге шабуыл жасаған сәтін және тағы да басқа сол сияқты қылмыстарды қайта жаңғыртуға болмайды. Сонымен бірге біздер әрдайым жаңа, яғни басқа оқиғамен, құбылыспен, белгімен жасаймыз. Сондықтан тергеу эксперименті қандай да болмасын құбылыс немесе айғақты қайта жаңғырту үшін емес, болған, зерттелген іс- әрекетте жасалады. Және бұл әрекет оқиға орын алғанына қарап емес, ұқсастығына қарай шешіледі. Экспериментальды әрекет іске асыратын жағдайдың ұқсастығының табысы және осы әрекет жағдайымен және оқиғаның мән-жайымен тергеу экспериментінің нәтижелерінің ақиқаттығын қамтамасыз етеді. Демек, нақты қайта жаңғырту туралы тергеу экспериментінде әлі айтуға болмайды, себебі өткізілетін экспериментпен құбылыс, айғақтың болу мүмкіндігін, нақтылығын қайта жаңғырту мүмкін еместігі анықталған және болмаған оқиғаны қайта жаңғыртуға келмейді.

Тергеу экспериментін ұсынған анықтамаларының көпшілігінде елеулі кемшілігі – бұл тергеу актінің әсерлі, экспериментальды сипатында нұсқаудың жоқтығы болып табылады. Осылай заң терминдерінің сөздігі тергеу экспериментін «бұл тінтілген қылмыстың іске асырылуының мән-жайын немесе іс үшін маңызды мәнге ие айғақтарды тергеушімен қайта жаңғыртатын тергеу әрекеті» деп анықтайды.[3] Бұндай жағдайда «қайта жаңғырту» ұғымына тергеу экспериментінің мазмұнын сидыру мүмкін емес. Тергеу экспериментінің ұғымының көлемін тек оқиғаның мән-жайын қайта жаңғырту деп есептесек, қате. Тергеу экспериментінің анықтамасын құрастырғанда бұдан шығатын ең бастысы – тәжірибе жүргізу, сынақтар және айғақтарды дәлелдеудегі экспериментальды әрекет.

Шарттар, жағдай, шынайы оқиғаның жағдайымен ұқсас болуы экспериментті деп есептейді. Сол мезетте әрдайым тергеу экспериментін дұрыс өткізудің тактикалық шарттарының болуы қажет. Бірақ эксперимент оқиғаның жағдайын қалпына келтірумен ғана шектеліп қоймай, шарттарды, экспериментальды, тәжірибеден өткен шынайы оқиғаға ұқсас шарттарды қалпына келтіру. Кейбір авторлар, мысалға Р.С. Белкин өз мазмұны бойынша тек оқиғаның жағдайын қалпына келтіру тергеу экспериментінің бір түрі деп ойлады. Дегенмен олай емес.

Оқиғаның өз жағдайы, я соған ұқсас оқиға болған жердегі жағдайдың болуын қайта жаңғырту дербес, өзіндік тергеу әрекетін көрсетпейді, тергеу экспериментінің бір түрі де емес, әр түрлі тергеу әрекеттерін қайта жаңғыртуда қолданылатын тактикалық тергеуді қабылдау. Тергеуде жағдайды қайта жаңғырту өзімен өзі ештеңе бермейді. Біздер жағдайды не оны келесідей қарау үшін, не тергеу эксперименттерінің шарттарын құруды өткізу үшін, не тану үшін, не тағы да сол сияқты объектілер үшін қалпына келтіреміз. Қалпына келтіру бұнымен бастапқы кезең немесе шарт ретінде сол немесе басқа тергеу әрекетін қайта жаңғыртуды тактикалық қабылдау деп есептеледі. Сондықтан да кез-келген тергеу әрекетін қайта жаңғыртуда жағдайды қалпына келтіру міндетті емес. Егер бұл эксперименттің нәтижесінің ақиқаттығы үшін маңызы болмаса, эксперимент бірқатар жағдайда, шынайы оқиғаға ұқсас емес жағдайда да жүргізіле алады.

Тергеу экспериментінің анықтамасын ұсынған әдебиеттегі тағы бір елеулі кемшілігі, іс бойынша жиналған айғақтарды тексеру – бұл тергеу әрекетінің мақсатының шектеуі болып табылады. Тергеу эксперименті бар дәлелдерді тексеру үшін ғана емес, тексеру және тергеу болжамдардың бағасы және жаңа дәлел алу үшін табыспен қолданылады.

Өте дұрыс және дәл біздің көзқарасымыз – бұл Р.С. Белкиннің анықтамасы болып табылады: «Тергеу эксперименті – бұл тергеуші анықтаған іс үшін маңызы бар мәліметті тексеру мен нақтылау

шартындағы, сонымен бірге барынша ұқсас оқиғаның шартымен тексерілетін айғақ, құбылыс бар болған кезде, тәжірибелі әрекет өткізу жолдарын жасау шартында, жаңа дәлелдер алу мақсатында жүргізілетін дербес тергеу әрекеті» [3].

Қолданыстағы заңда тергеу экспериментіне дербес тергеу әрекеті сияқты көзқарас қалыптасқан. Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 239-бабында [4] тергеу эксперименті туралы былай айтылған: «Тергеу эксперименті іс үшін маңызы бар мәліметтерді зерттеліп отырған оқиғаның белгілі бір әрекеттерін, жай-жапсарын, мән-жайларын қайта жаңғырту және тәжірибе жүргізу арқылы тексеру және нақтылау мақсатында жүргізіледі».

1. Сторгович М.С. Уголовный процесс. – М, 1946. 245-246 б.б.
2. Чельцов М.А. Уголовный процесс. – М., 1948. 271 б.
3. Белкин Р.С. Сущность экспериментального метода исследования в советском уголовном процессе и криминалистике. – М., 1961. – 45 б.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі - Астана, 2010.

Следственный эксперимент в уголовно-правовой науке - один из самых спорных вопросов. Каждый автор понимает понятие следственного эксперимента по-своему. Некоторые рассматривали ее как разновидность следственного осмотра, а другие - изучали в виде самостоятельного следственного действия.

The Investigation experiment in criminal-legal science of one of the the most disputable questions. Each author understands the notion of the investigstion experiment in one's own way. Some look at works the variety of the investigstion checkup, but other studied in the manner of independent investigstion action.

А.Ж. Тулеуова

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Ғылыми-техникалық прогрестің дамуы мен кең таралуы 20-21 ғасырлардың жетістіктері ғана емес, олар адамзат эволюциясына барлық орын алып отырды. Экономикалық жағынан дамыған мемлекеттердің қазіргі таңдағы қоғамдық жағдайын ғалымдар ақпараттық қоғамның құрылуы деп сипаттайды. Жақын болашақта Қазақстан да осындай мәртебеге ие болатынына еш күмән жоқ. Ғылыми-техникалық прогресс адамның қызметінің әртүрлі салаларына кіре тұра, 20-ғасырдың екінші жартысына қарай «ақпарат» ұғымы өзге сипатқа, маңызға ие болды. Осындай өзгерістердің басты себебі компьютерлік техника саласындағы революциялық өнертабыстар болып табылады. Осындай өнертабыстардың нәтижесі ретінде адамдардың қатынастарының жаңа түрі – ақпараттық қатынастар пайда болды. Мәліметтерді өңдеудің жетіліп келе жатқан автоматтандырылған технологияларға, оның ішінде компьютерлік технологиялардың арқасында ақпараттық қатынастардың деңгейі мен қарқынының жеткен деңгейінің жоғарылығы сонша, тіпті салыстырмалы түрде аз ғана уақыт аралығында (соңғы 40-50 жыл) өткен ғасырдың соңына таман ақпарат қоғамдағы едәуір маңызды құндылыққа айналды. Егер алдыңғы кезеңде адамзаттың даму қарқыны оған қолжетімді энергиямен анықталса, қазіргі таңда осындай айқындаушы фактор ретінде оған қолжетімді ақпарат танылады.

«Ақпарат» ұғымының ролі мен маңызының осындай трансформациялану үрдісінде маңызды кезең ретінде дербес компьютерлердің пайда болуы және одан кейінгі оларды алдымен локальды (жергілікті), кейін – ғаламдық желіге қосудың нәтижесі ретінде қазіргі таңда жүздеген миллион компьютерлерді біріктіретін трансконтиненталдық ақпараттық ортаның – internet-тің пайда болуы үлкен роль атқарды. Интернеттің белсенді дамуы адамның қызметінің ақпараттық ортасының ары қарай кеңеюіне үлкен үлесін қосатын факторлардың бірі б.т. Осылайша, қоғамның ақпаратқа деген қалыптасқан қажеттілігі, басқа сөзбен айтқанда, ақпаратқа және ақпараттық қызмет көрсетулерге қалыптасқан және өсіп бара жатқан сұранысы, сұраныс пен ұсыныс жайлы экономиканың іргелі заңына сәйкес осы қажеттіліктерді қанағаттандырудың дербес (өте табысты) индустрияның пайда болуына әкеліп соқты. Сұраныс пен ұсыныстың жиынтығы тиісті регламентацияны талап ететін қоғамдық қатынастардың жаңа түрлерін туындатты.

Ақпараттың ерекшелігіне сәйкес ақпараттық технологиялардың дамуының жоғарғы темпіне қарай көптеген әлеуметтік үрдістердің табиғи реттеушісі ретінде құқық, қоғамдағы ақпараттың саны мен сапасының көбеюіне байланысты осы әлеуметтік үрдіске дер кезінде және барабар әсер ете алмады. Нәтижесінде көптеген елдердің заң шығарушыларына қолданыстағы заңнаманы тез арада, «жол жөнекей» өзгертуіне және бірауақытта – қолданыстағы нормативтік базаны шапшаң өзгеріп жатқан құқықтың шындық-шарттарына бейімдейтін жаңа нормалар енгізуіне тура келді.